

ӘОЖ 81 МҒТАР 16.21
<https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-3162.06>

Гүльнара ОМАРБЕКОВА

қауымдастырылған профессор, Қазақ тілі және түркітану департаменті,
Назарбаев Университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(gulnara.omarbekova@nu.edu.kz) ORCID: 0000-0002-3934-3209

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ БАРЫСЫ. БОЛАШАҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҰСЫНЫС*

Андатпа

Жұмыс барысында қазіргі заманғы отандық және шетелдік паремиологиялық зерттеулерге талдау жасалып, осы зерттеулердің заманауи ғылыми тенденциялары мен бағыттары анықталды. XX ғасырдың соңы XXI ғасырдың басындағы заманауи отандық және шетелдік паремиология мәселелеріне арналған зерттеулерге репродуктивті сипаттамалық-аналитикалық шолу жасалды. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеу төрт кезеңге бөлінеді, осы мақалада оның үшінші кезеңінің этнолингвистикалық, салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдениеттану және гендерлік лингвистика бағыттарында дамығандығы анықталды. Мақал-мәтелдерді антропоцентристік бағытта қарастырған зерттеулер оны фразеологиядан іргесін бөлектеп, фольклортануда жеке отау тіккен ғылым саласына айналдырып, паремиялық бірліктердің коммуникативті және прагматикалық әлеуетіне ден қойды. Мақалада отандық және шетелдік заманауи паремиологиялық зерттеулердің негізгі аспектілері талданып, қазақ паремиологиясының зерттеу бағыттары мен даму перспективалары нақтыланды, бұл саланың алдыда тұрған ғылыми зерттеу мақсаттары бағдарланды.

Кілт сөздер: Мақал-мәтелдер, паремиологиялық зерттеулер, этнолингвистика, салыстырмалы, салғастырмалы лингвомәдениеттану, зерттеу бағыттары.

*Келген күні: 7 ақпан 2022 ж. – Қабылданған күні: 11 мамыр 2022 ж.
Date of Arrival: 7 February 2022 – Date of Acceptance: 7 May 2022.
Geliş Tarihi: 7 Şubat 2022 – Kabul Tarihi: 7 Mayıs 2022
Поступило в редакцию: 7 февраль 2022 г. – Принято в номер: 7 май 2022 г.

Gulnara OMARBEKOVA

Associate Professor, Department of Kazakh Language and Turkic Studies, Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan (gulnara.omarbekova@nu.edu.kz)
ORCID: 0000-0002-3934-3209

**STUDYING OF KAZAKH PROVERBS. RECOMMENDATIONS
FOR FUTURE RESEARCH**

Abstract

In the course of the work, an analysis of modern domestic and foreign paremiological studies was carried out, modern scientific trends and directions of these studies were identified. The end of the 20th century and the beginning of the 21st century was done a reproductive descriptive and analytical review of research on modern domestic and foreign paremiology. The study of proverbs in Kazakh linguistics is divided into four stages, in which the third stage develops in the areas of ethnolinguistics, comparative lingua-cultural studies, and gender linguistics. The anthropocentric study of proverbs separated them from phraseology, turned them into a separate branch of folklore science, and focused on the communicative and pragmatic potential of paremiological units. The article analyzes the main aspects of modern domestic and foreign paremiological research, clarifies the directions and prospects for the development of paremiology of the Kazakh language, focuses on the tasks of future research in this area.

Keywords: Proverbs, paremiological research, ethno-linguistics, comparative and contrastive lingua-cultural study, main directions.

Кіріспе

Мақал-мәтелдер (ММ) – кез келген ұлттың өзіндік тұрмыс-тіршілігімен астарласып, ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақпен бірге жалғасып келе жатқан тілмен өрнектелген халық даналығы. Осындағы “даналық” – философия негізі, адам болмысының кепілі, адамдар өміріндегі күнделікті болатын оқиғаны алдын-ала жобалауы, болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты өңдеу мен бейімделуге тікелей байланысты. Яғни, мақал – адамды өмірге даярлаушы, бейімдеуші, үйретуші, жөн сілтейтін ұлттық философияның танымдық негізін көмкерген дайын мағыналы тіл бірліктері.

Мақал-мәтелдер туралы қазақ тіл білімінде де, әдебиеттануда да жазылған еңбектер саны біршама. Халықтың философиялық таным, тәжірибесі мен тіршілігінде қазақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастырудағы ММ-ның алар орнын тілші ғалымдардың пікірлері айшықтай түседі: “Мақал-мәтелдер – халықтың атамзаманғы өткен өмір-тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын

“алтын арқау”; олар – рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі” [1,7-б.]. “Өзегінде ұлттық тарихи даму, өзіндік менталитет, ұлттық реалия, ұлттық бітім-болмыс, ұлттық стеротип, эталондар жүйесінің ізі бар мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың бүкіл өмірі, тұрмыс-тіршілігі мен өмір тәжірбиесінен мол мағлұмат берер мәдени ақпарат көзі саналады” [2,18-б.]. Мақалдың тіл-тілдегі маңыздылығына парамолог, ағылшын тілді ғалымдар былай анықтама береді: “A proverb is a short, generally known sentence of the folk which contains wisdom, truth, morals, and traditional views in a metaphorical, fixed and memorizable form and which is handed down from generation to generation” [3, 3-б.], “A term or a word that has some message locked in it” [4, 4-б.]. Ғалымдардың тіл ұшында дайын тұратын, танымдық мазмұны терең мақалға берген сан алуан анықтамаларынан мынадай ортақ тұжырымдар тізбесін жасауға болады:

- Мақал – кез келген ұлт болмысының өткені мен бүгінгі тұрмыс-тіршілігін сипаттауда, салыстырып, зерделеуде таптырмайтын көркемдік құрал, ерекше жанр;

- ММ жазбаша сөйлеуді бейнелі, мәнерлі етеді; объектілер мен ұғымдарды коннотативті (субъективті, бағалау, эмоционалды-экспрессивті) жеткізу үшін қызмет етеді;

- Қазақтың «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деп, мақал айтылып қалған жерде оны айтушы мен тыңдаушының санасында екі тарапқа да таныс мазмұн жүзеге асатын коммуникативтік қарым-қатынас орнайды;

- ММ рухани дүниетанымды қамтитын дайын тілдік код ретінде қазақтың болмысының тұжырымдамалық категорияларын танытуға арқау болады;

- ММ публицистика болсын, көркем әдебиет тілінде қолданылсын мәтін мазмұнына ерекше мән беріп, сөйлемнің тілдік құрылымы мен стиліне айрықша мазмұн береді.

Кез келген халықтың мәдениетін бейнелейтін тілдегі өрнекті бірлік – мақал әр ұлттың танымы мен талғамының табиғатына бейімделіп, тіршілік ету ыңғайына байланысты тіл байлығы соған икемделіп, мақал-мәтелдер пайда болған. Мысалы, манипури тілі – негізінен, Үндістанның солтүстік-шығысындағы Манипур штатында қолданылатын тіл. Бұл жиырма тоғыз түрлі өз ана тілінде сөйлеушілер арасындағы жалғыз байланыс құралы, сондықтан ол Манипур

штатының лингва-франкасы ретінде қолданылады. Тональды тіл – манипуриде сөйлейтін мейтис халқы үшін, кез-келген басқа сөйлеу қауымдастығы сияқты, мақал-мәтелдер өте маңызды әлеуметтік функцияны атқарады. Осы тілдің мына мақалын талдап көрейік: *Cheng charging amana chengkok ama mangye?* Бұл мақалдың мағынасына пара-пар, сай болатын ағылшын және қазақ тілдеріндегі балама нұсқалары бар, мысалы, ағылшын тілінде, “*the rotten apple spoils the barrel*” (*шіріген алма бөшкені бүлдіреді*), ал қазақ тіліндегі мағыналас сәйкесі “*жалғыз құмалақ бір қарын майды шірімеді*” мақалы болады. Бұл мақалдың маңызды мәдени семасы – манипури тілінде *күріш* қолданылады, өйткені Солтүстік-Шығыс Азиядағы адамдар күнделікті тамағына күрішті жейді. Бұл мақалда метафора “*ченг*” күріш деген мағынаны білдіреді де, *күріш* жеке адамды бейнелейді. Ал “*қазан*” әлеуметтік орта болып кодталып, “бір күріш” бүкіл әлеуметтік топқа қиын жағдай туғызатынын білдіреді. Үш тілдегі беретін астарлы ой – нашар адам бүкіл отбасының немесе қоғамның беделін түсіреді. Бұл мысал адамзат танымының универсалдығын білдірсе, сонымен қатар әр халықтың жеке тіршілігіне сай тілдік бірліктерінің таңдалынып, әр ұлттың “*күріш*”, “*алма*”, “*құмалақ*” сияқты лексемалар арқылы өмір сүру ерекшелігін көрсетеді [5,1-б.].

Ғылыми-зерттеу әдіснамасы

Жұмыс барысында қазіргі заманғы отандық және шетелдік паремиологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары, ғалымдардың мақал-мәтелдерді қарастырған жұмыстары талданып, мақал-мәтелге арналған зерттеулердің заманауи ғылыми тенденциялары анықталды. XX ғасырдың соңы ХХІ ғасырдың басындағы заманауи отандық және шетелдік паремиология мәселелеріне арналған зерттеулерге репродуктивті сипаттамалық-аналитикалық шолу жасалды. Соңғы кезеңде қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді антропоцентристік бағытта қарастырған жұмыстар оны фразеологиядан іргесін еншілеп, фольклортануда жеке отау тіккен ғылым саласына айналдырып, паремиялық бірліктердің коммуникативті және прагматикалық әлеуетіне ден қойды. Мақалада отандық және шетелдік заманауи паремиологиялық зерттеулердің негізгі аспектілері талданып, қазақ паремиологиясының даму перспективалары, зерттеу бағыттары нақтыланып және алдыда тұрған зерттеу мақсаттары бағдарланды. Мақал-мәтелдердің синкреттік табиғатын, оның ерекше қатысымдық

және лингвистикалық сипаттамаларын, тұтасқан бірлікті не оның жекелеген компоненттерін талдау мүмкіндігі қазіргі отандық және шетелдік ғалымдардың осы бірліктерді әртүрлі ғылыми парадигмалар шеңберінде талдап және сипаттаған, сонымен қатар әр түрлі тілдер материалы бойынша салыстыра, салғастыра зерттеген еңбектері жарық көрді.

Адамның әлеуметтік және мәдени белсенділігі артқан XX ғасырдағы мәдениетаралық байланыстар, мәдени инновациялар, этникалық мәселелер бойынша урбанизацияланған қоғамдардағы субмәдени ортадағы қақтығыстар және ұлт-азаттық қозғалыстар этникалық өзара әрекеттесу бойынша зерттеулерді алдыңғы қатарға шығарды. Кез келген ұлттың фольклорының тарихи дамуы ұқсас жүріп, мақал-мәтелдерін жинау, жариялау, зерттеу жұмыстары уақыттың әртүрлі кезеңдерінде жекелеген фольклортанушы ғалымдар еңбегі арқылы жүзеге асып келеді. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ мақал-мәтелдерін жинау жұмыстары, негізінен, тарихи-этнографиялық сипатта болды. Қазіргі таңда мақал-мәтелдерді зерттеу төрт кезеңге бөліп қарастырылуда [6, 11-б], әр кезең өзіндік зерттеу бағыттарымен ерекшеленеді. Үшінші кезеңде қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеу антропоэзектік бағытта қарастырыла бастады, осы кезеңде ММ фразеологиядан іргесін еншілеп, фольклортануда ММ-ны зерттеу жеке ғылым саласына айнала бастағандығымен, паремиялық бірліктердің коммуникативті және прагматикалық әлеуетіне басымдық берілуімен сипатталады. Қазіргі таңда мақал-мәтелдер әлемдік жаһандану тұсында жаңа нышанда Интернет, БАҚ пен көркем дискурста, салыстырмалы, салғастырмалы лингвомәдениеттану аясында жиі қарастырылды. Жұмыс барысында мақал-мәтелдерге байланысты жарық көрген шетелдік және отандық жұмыстар жинақталды, жүйеленді, талданды, өзара салыстыру жұмыстары жүргізілді, және де ММ-ның танымды-прагматикалық болмысын дәйектеу барысында материалды жүйелеу мен жіктеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Адам санасындағы тарихи өзгерістердің барлығы дерлік, мәдениеттің дамуы мен білім, танымның өсуімен тілдің лексикалық жүйесінде көрініс табады. Антропологиялық лингвистика қоршаған шындықты әр тіл қалай бейнелейді деп, тіл арқылы көрінетін таным мен мәдениетке қызығушылық танытады және осыдан тілдің жеке

және жалпы ойлауға әсері туралы дәлелдер іздейді. Бұл антропологиялық лингвистиканың бастау нүктесі болып табылады. Тілдің антропологиялық сипаты неміс философы В. фон Гумбольдттың, Л.Вайсгербердің еңбектерінен бастау алады, мысалы, Л.Вайсгербер тілдік мазмұнның этникалық болмысын В.Гумбольдттың тілдің ішкі формасы туралы ілімінен табады. Оның негізінде ол *әлемнің лингвистикалық бейнесі* (Weltbild der Sprache) туралы өзінің теориясын жасады, бұл идея одан әрі қарай американдық антрополог Франц Боастың антропологияға қосқан маңызды теориялық үлесі мәдениетті зерттеудегі жаңа көзқарас болды. “Лингвистикалық мәліметтермен қатар, этнографиялық мәліметтерді білу – басқа халықтың санасына еруге және сонымен бірге өз халқының мәдениетін бағалауға және түсінуге мүмкіндік береді” [7, 131-б.]. “Еуропалық және Батыс Азия тілдерінің грамматиктері біз үшін әр жаңа тілде іздейтін ортақ категориялар жүйесін жасады. Бұл жұмыста біз зерттеп отырған тілдік жүйе тілдердің белгілі бір топтарына ғана тән екенін, сонымен қатар оны дәстүрлі жүйемен салыстыруға болатындығын көрсеткіміз келеді” [8, 186-187-б.] деп, Ф.Боастың концепциясы тайпалық тілдерді зерттеуге деген жаңа көзқарасынан ғана бастап америкалық антропологияда нақты өзгеріс басталды. Ол қатаң бекітілген ескі грамматиканың декларативті мәлімдемелері мен сынына қанағаттанбады, әр тілдің мәдени-психикалық суретінің басқа аспектісін таңдауда өзіндік ерекше артықшылықтары бар екенін нанымды түрде дәлелдеді, әртүрлі тілдер тәжірибесін әртүрлі жолмен таңдап, оларды өз жағдайында түсіну маңыздылығын ерекше алдыға тартты. Оның теориясы сол кезде желілік әлеуметтік эволюция туралы басым идеяны жоққа шығарды. Оның орнына ол мәдени айырмашылықтар туралы релятивистік көзқарасты ұсынды. Ол антропологтарды мәдениеттерді салыстырып, жалпылама тұжырым жасаудың орнына әр жеке қоғамның ерекшеліктеріне көбірек көңіл бөлуге шақырды. Э.Сапир мен Б.Уорфтың “адам өз туған тілінің призмасы арқылы ғаламды түрліше көреді” деген *ықтималдық теориясының* негізіне тіл құрылымы ойлау құрылымы мен сыртқы әлемді тану жолын анықтайтын ұғым деп қарастырылады. Антропологиялық бағыт әрі қарай А.Вежбицканың *семантикалық примитивтер идеясымен* үндесіп, этнолингвистика пайда болады және екіншіден, антропологиялық лингвистиканың негізгі мәселелері эксперименталды және теориялық тұрғыдан қалай

ашылатындығын қарастырудағы белгілі бір бағыттар, әлем тілдеріндегі нақты категориялық айырмашылықтарды көрсету, жеке және әлеуметтік ойлауға әсер ететін тілдер, түстердің жіктелуі, кеңістіктегі бағдардың сипаттамасы, туыстық, санау жүйелерінің лингвистикалық негіздерімен айшықтала түсті. Жоғарыда аталған ғаламдардың теориялық еңбектері басқа ғылымдар саласында тіл білімінің де антропологиялық бағытқа ығысуына, тілді ішкі жүйелік талдаудан антропологиялық талдауға көшу, яғни белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың қоршаған әлем туралы және адамның осы әлемдегі орны туралы мәдени (күнделікті, діни, әлеуметтік және т.б.) ойларын қалай, қандай құралмен және сыртқы әлемде қалай бейнелейді, және, екіншіден, белгілі бір этникалық немесе әлеуметтік топқа қандай байланыс формалары мен құралдары – бірінші кезекте тілдік қатынас тән болады дейтін мәселелер төңірегіндегі тұжырымдар өткен ғасырдың аяғы мен осы ғасырдың басындағы тіл біліміндегі үлкен эволюциялық өзгерістерге жол ашты. Лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы – оның ақыл-ойы, санасы, ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталады.

Антропоэзектік бағыт дегенде бұл тілді мәдениетпен байланыста этнолингвистикалық зерттеу деп қарастырылады, яғни жеке тілдердің мәдениеті арқылы әлем мәдениеті танылады, әлем мәдениетінде жекенің орны мен көзқарасы есепке алынады. Мақал-мәтелдердің *этнолингвистикалық сипатын анықтау* деп – мақал-мәтелдерді өзара тығыз байланысты екі «танымдық» және «коммуникативті» тұрғыдан, яғни мақал-мәтелдің танымдық табиғаты мен коммуникативтілік құндылығын зерттеу болап табылады. Қазақ тіл білімінің өзіндік тілдік әлеміне жол ашқан академик Ә.Қайдар қазақ паремиологиясының антропоэзектік бағыттағы дербес пән ретінде қалыптасуының теориялық тұжырымдамасын негіздеді [9, 16-б.]. Осы бағытты ары қарай терең мазмұнда дамытқан авторлар қатарына Г. Смағұлова, Б. Хасанұлы, А. Байғұтова, Г. Мамаева, Г. Шоқым және т.б. да қазақ ғалымдарын атауға болады

Қазіргі заманғы отандық зерттеудің келесі бағытында – мақал-мәтелдерді *салыстырмалы, салғастырмалы лингвомәдениеттану* шеңберінде, әлемнің мақал-мәтелмен безендірілген бейнесінің әмбебаптығы мен лингвомәдени ерекшелігін, яғни әлемнің тілдік және мәдени суреттерінің өзіндік ерекшелігін байқауға болады. Ұлтаралық

қарым-қатынастардың дамуына байланысты әртүрлі тілдік топтарды және құрылымы әртүрлі туыс емес тілдерді, атап айтқанда қазақ тілі мақал-мәтелдерін ағылшын не неміс, француз, қытай тілдерімен салғастыра зерттеуге біршама көңіл бөлінді. Типологиялық салғастыру негізінде туыс емес тілдерді салғастыра отырып, олардың жүйелік-құрылымдық тұлғасын айқындауға, ол тілдерге тән нақты төл ерекшеліктерді көрсетететін типологиялық басым белгілерді зерттеп анықтауға мүмкіндік болды [10; 11; 12]. Қазақ мақалын типологиялық салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы, салғастырмалы лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулерден әртүрлі халық паремияларында сөздер мағынасының қайталанып келетіндігінен паремиялық лексикаға универсалия, әмбебап немесе жалпыға ортақтық бар екендігі анықталды [13; 14; 15].

Соңғы он жылдықта жарияланған қазақ авторлары еңбектеріне шолу жасай келе, бұл еңбектерде ММ-ның құрылымына, семантикасы, және олардың когнитивті, лингвомәдени ерекшеліктерін, прагматикасы мен БАҚ беттерінде кездесетін ММ-ның түрленгіштігіне/өзгергіштігіне маңыз беріліп, зерттеулер жүргізілген. Қазіргі тіл біліміндегі “адамды тілі арқылы тану” сияқты антропоэзектік бағытқа сәйкес мақал-мәтелдердегі адам бейнесін когнитологиялық құрылым мен концептілік модельдер арқылы ғылыми талдау өзекті мәселелердің бірі болып саналатындығы анықталды. Мақал-мәтелдердің тілдегі және сөйлесімдегі, сондай-ақ әр түрлі жанр мәтіндердегі *прагматикасы мен коммуникативті қызметі* паремиялогиялық зерттеулер бойынша қазіргі заманғы еңбектердің көкейтесті бағыты болып табылады. Соңғы еңбектерде ММ-ның *мән-маңызына, прагма-когнитивтік аспектісіне, құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударылды* [16], қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді логика-семантикалық тұрғыдан топтастырудың этнолингвистикалық негіздері зерттелді [17].

Қазіргі таңда *гендерлік лингвистикада* негізінен тілдік қатынастағы ерлер мен әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілеріне айрықша назар аударылуда. Гендерлік сипаттағы мақал-мәтелдер әйел және ер концептілерін қоғамдағы әлеуметтік дәрежесі, отбасыдағы орны шеңберінде қарастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың әр халықтың дүниетанымындағы алатын өзіндік орындарын айқындауға қосар үлесі де зор. Әртүрлі тілдердегі гендерлік мазмұндағы мақал-мәтелдерді салғастыра, салыстыра

зерттеу әр халықтың мәдени ерекшеліктері мен қалыптасқан танымы мен ой-пайымдауларын түсініп, тануға мүмкіндік береді. [18; 19; 20; 21]. Отандық паремологиялық зерттеулер бірнеше ғылыми парадигмалар аясында, этнолингвистикалық, салыстырмалы, когнитивті, лингвомәдени, прагматикалық бағыттарда жүргізілгендігі анықталды.

Шетелдік зерттеулердегі паремология саласындағы ағылшын тілді ғалымдардың заманауи зерттеулері ММ-ны іргелі талдап, әртүрлі ғылыми аспектіде қарастырғандығымен ерекшеленеді. Шетелдік паремология мәселесі мақал-мәтелдер жинағын құрастыруға, гендерлік мақал-мәтелдерді талдауға, мақал-мәтелдердің когнитивті табиғатын зерттеуге, мақал-мәтелдердің саяси дискурста және белгілі бір адамдардың идиостилінде қолданылуын зерттеуді қамтиды. Ағылшын тіліндегі зерттеулер, көбінесе британдық және америкалық мақал-мәтелдер бойынша жүргізілген. Бұл зерттеулер саны жағынан басым, сонымен қатар канадалық, жаңа зеландиялық немесе шотландиялықтарға арналған еңбектер де жарық көрген.

•Өткен ғасырдың ортасына таман шыққан “Ағылшын мақал-мәтелдерінің Оксфорд сөздігі” [В.Ж. Смит] атты мақал-мәтелдер жинағы мақал-мәтелдердің қолданылу хронологиясы, сонымен қатар иллюстрациялық материалмен көрнектелген көпке танымал еңбек болды [22].

•XXI ғасырдың басында В.Мидердің “Мақал-мәтелдер – ең жақсы саясат: халықтық даналық және америкалық саясат” [23] атты еңбегі белгілі саясаткерлердің сөйлеуіндегі мақал-мәтелдердің қызметін зерттеуге арналған дүние еді.

•В.Мидердің “Мақал-мәтелдер саясаты: дәстүрлі даналықтан мақал-мәтелдердің стереотиптеріне дейін” атты зерттеуі [24], 1998 жылы «Америкалық әйелдер туралы мақал-мәтелдер: анықтамалық нұсқаулық» жарық көрді.

•Неміс және ағылшын тілдері паремияларын зерттеуде В.Мидер ұсынған *анти-мақал* терминін [25; 26, 29-б.; 27], Х.Вальтер мен оның ізбасарлары славян тілдері зерттеулерінде қолданды. “*Орыс халқының анти-мақалдары*” [28, 164-б.] атты сөздігі құрастырылды және америкалық зерттеуші А. Резниковтың [29] Вермонтта орыс тілі анти-мақалдарының түрлері және олардың тіл қолданысында кездесетін үлгілерін зерттеген монографиясы жарияланды.

Қорытынды

Сонымен, паремиологияны зерттеуге арналған соңғы даму тенденциялары әлемдік лингвистикада әр түрлі бағыттарда: әлеуметтік лингвистика, лингвистикалық контактология, мәдениетаралық коммуникация, когнитивтік лингвистика, прагматика және сөйлеу теориясы шеңберінде зерттеулер жүргізу мүмкіндіктеріне ие болып отыр.

Қазақ тіл білімінде ММ-ны алдыңғы зерттеулерде мағына қалыптасудың уәждері, шығу тарихы, дереккөздері, тілдегі қолданысы талданып, көптеген ғалымдар мақал-мәтелдердің когнитивті және лингвомәдени ерекшеліктеріне, мағыналарының ұлттық болмысын зерттеуге жүгінді және салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. ММ-ның БАҚ беттеріндегі, көркем шығарма тіліндегі қолданысын функционалды-прагматикалық тұрғыда қарастыру қолға алынды.

Болашақта қазақ тіл білімінде ММ-ны зерттеуді қандай бағыттарда дамытуға болады деген сұраққа талданған еңбектерге, шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, алдағы қолға алар зерттеуге мұрындық болатын бағыттарды атамақпыз:

- Жаһанданған әлемде тіл бөлек, жеке дара өмір сүре алмайтын болғандықтан, қазақ тіліндегі паремиологиялық зерттеулер Интернет, БАҚ, көркем әдеби дискурста, қарым-қатынастық әрекетте, конфликтологияда, экологиялық дискурс пен саяси дискурсты қамтып және жеке тұлғалардың сөз қолданысы да әлеуметтік дискурстың құрамдас бөлігі ретінде зерттеуді қажет етеді.

- Мақал-мәтелдердің қазіргі қазақ тілді БАҚ тіліндегі лексика-стистикалық ерекшеліктері, трансформацияға ұшыраған мақал-мәтелдердің қолдану ерекшелігінің интертекстуалдығын қарастыруға кеңес беріледі.

- Тіл зерттеушілері заманауи паремиологиялық трансформацияланудан тілде туындаған “антимақал” сияқты динамикалық құбылысқа назар аударуларына болады.

- Қазақ тілінің ұлттық корпусында жеке паремиологиялық сөздіктер құрастыру [30] да көкейтестілігін алға көлденең тартады.

Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). –Алматы: “Тоғанай Т” баспасы. 2004, –560 б.
2. Қызырова Ә. Мақал-мәтел-лингвомәдени бірліктер. –Алматы: ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2008. №8. Б.187–190.

3. Mieder W. Definition and Classification. In: Proverbs: a handbook. London: Greenwood Press, 2004. –304 p. https://www.jlab.org/div_dept/admin/HR/EAP/07-07-08.pdf (20.09.21).
4. Betholia C. "Manipuri Culture Seen Through Proverbs". Indian Folklife (30): 2008, 4–5. <http://indianfolklore.org/journals/index.php/IFL/article/view/111>
5. Hatri J., Laishram L., Anthropological study of Manipuri proverbs. Impact: International Journal of Research in Humanities, Arts and Literature (IMPACT: IJRHAL), 2013, 1(3), 1–6.
6. Мансуров Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі діни-хадистік аспекті, Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы: Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2014. –167 б.
7. Jakobson R. Franz Boas' approach to language. Portraits of linguists. – Bloomington: L., 1966. – Vol. 2. – P. 127–139
8. Boas F. Introduction. Handbook of American Indian languages. Reprinted in: Classics in linguistics. – N.Y., 1967. – P. 155–234.
9. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. Том 2, –728 б.
10. Мукәддәс М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, –Алматы, 2007. –31 б.
11. Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2005. –31 б.
12. Сейтхожаева А.А., Паремиологиялық бірліктердегі ортақ және айырым белгілер. C:/Users/W2/Downloads/551-1-1084-1-10-20160120.pdf (27.11.21).
13. Анипина А.К., Оразақынқызы Ф. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің грамматикалық құрылымы. <http://www.kaznu.edu.kz/content/files/pages/folder22303>. (25.11.21).
14. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты, <https://articlekz.com/kk/article/32734>. (22.10.21).
15. Рсалиева Ж.А. Ағылшын, орыс және қазақ тілдері паремиологиялық бірліктерінің семантикалық сипаттамасы (“Еңбек – еңбегі жоқтық” тақырыптық тобының материалдары негізінде) file:///C:/Users/W2/Downloads/2223-1-4286-1-10-20181108%20(1).pdf. (24.10.21).
16. Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі: монография. –Астана: 2013. –161 б.
17. Қарсыбекова Ш. Ш. Қазақ мақал-мәтелдерінің логика-семантикалық және заттық-тақырыптық топтастырылу принциптері. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –№ 2 (92). –2006.
18. Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспекті): Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2007. –15-б.
19. Джусупов М., Алибекова К., Мажитаева Ш. Специальная лексика и пословицы (лингвоконтрастивные и методические аспекты). –Ташкент: MERIYUS, 2013. – 138 с.

20. Гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердегі этнолингвистикалық мотивтер. Тіл тағлымы. Алматы, 2003. –478 б.
21. Сулейменова Э., Ақберді М., Қойшыбаева Г. Выбор языка и корреляции языковой трансмиссии: монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. –184 с.
22. The Oxford Dictionary of English proverbs. Oxford University Press 1935. 625 p.
23. Mieder W. Proverbs Are the Best Policy: Folk Wisdom and American Politics. Utah State University Press, Logan, Utah, 2005. 325 p.
24. Mieder W. «Proverbs Speak Louder Than Words»: Folk Wisdom in Art, Culture, Folklore, History, Literature, and Mass Media. 2008. 357 p.
25. Mieder Wolfgang. Antisprichwörter. 1. Vol. Wiesbaden, 1982.
26. Lucas E.C. Proverbs. William B. Eerdmans Publishing Company, Grand Rapids, Michigan. Cambridge, U.K. 2015. 421 p.
27. Mieder W. “Right makes might”. Proverbs and the American Worldview. Indiana University Press, Indiana, USA, Bloomington, IN. 2019. 377 p.
28. Вельмезова Е. ‘Новые русские пословицы’ и проблема смысловой противопоставленности паремий (crossing of proverbs). Slavic Almanac. 2006. Vol. 12. N 2. 174 с.
29. Reznikov A. Modern Russian Anti-Proverb. Burlington, Vermont: “Proverbium” in cooperation with the Department of German and Russian; The University of Vermont, 2009. 179 p.
30. Сүлейменова Э. Д., Қазақ тілі үшін ұлттық корпус керек пе? <http://rmebrk.libgateway.psu.kz/journals/1109/70431.pdf>. (23.11.21).

References

1. Qaydar Ә. Т. Халық даналығы (qazaq maqal-mätelderiniñ tüsindirme sözdigi jäne zertteu). –Алматы: “Тоғанай Т” баспасы. 2004, –560 б.
2. Qızırova Ä. Maqal-mätel-lingvomädeni birlikter. –Алматы: QazUW xabarşısı. Filologiya seriyası. –2008. №8. 190 б.
3. Mieder W. Definition and Classification. In: Proverbs: a handbook. London: Greenwood Press, 2004. –304 p. https://www.jlab.org/div_dept/admin/HR/EAP/07-07-08.pdf (20.09.21).
4. Betholia C. "Manipuri Culture Seen Through Proverbs". Indian Folklife (30): 2008, 4–5. <http://indianfolklore.org/journals/index.php/IFL/article/view/111>
5. Hatri J., Laishram L., Anthropological study of Manipuri proverbs. Impact: International Journal of Research in Humanities, Arts and Literature (IMPACT: IJRHAL), 2013, 1(3), 1-b.
6. Mansurov B.B. Qazaq maqal-mätelderindegi dinî-xadistik aspekti, Filosofiya doktorı (PhD) ğılımı дәреjesin alw үшін dayındalğan dissertaciya. –Алматы: Äl-Farabî atındağı Qazaq ulttıq wñiversiteti, 2014. –167 б.
7. Jakobson R. Franz Boas' approach to language. Portraits of linguists. –Bloomington: L., 1966. –Vol. 2. –P. 127–139
8. Boas F. Introduction. Handbook of American Indian languages. Reprinted in: Classics in linguistics. – N.Y., 1967. – P. 155–234.
9. Qaydar Ä., Qazaqtar ana tili әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Qoғam.- Алматы: Sardar, 2013. Tom 2, –728 б.

10. Muqaddas M., Qazaq-uyğır maqal-mätelderiniñ paremiologiyalıq jüyesi. Filologiya ǵılımdarınıñ kandidatu ǵılımı дәrejesin alw üşin dayındalǵan dissertaciyanıñ avtoreferatı, –Almatı, 2007. –31 b.
11. Ataxanova R.K. Twıs emes tilderdegi maqal-mätelderdiñ étnolingvistikalıq sıpatı. Filologiya ǵılımdarınıñ kandidatu ǵılımı дәrejesin alw üşin dayındalǵan dissertaciyanıñ avtoreferatı. – Almatı, 2005. – 31 b.
12. Seytsojaeva A.A., Paremiologiyalıq birliklerdegi ortaқ jөne ayırım belgiler.C:/Users/W2/Downloads/551-1-1084-1-10-20160120.pdf (27.11.21).
13. Anıpına A.K., Orazaqınqızı F., Qıtay jәne qazaq tilderindegi maqal-mätelderdiñ grammatikalıq qurılımı. <http://www.kaznu.edu.kz/content/files/pages/folder22303>. (25.11.21).
14. Qazaq jәne aǵılshın tilderindegi maqal-mätelderdiñ étnomädeni sıpatı, <https://articlekz.com/kk/article/32734>. (22.10.21).
15. Rsalieva J.A. Aǵılshın, orıs jәne qazaq tilderi paremiologiyalıq birlikleriniñ semantikalıq sıpattaması (“Eñbek – eñbegi joqtıq” taqırıptıq tobınıñ materialdarı negizinde) file:///C:/Users/W2/Downloads/2223-1-4286-1-10-20181108%20(1).pdf. (24.10.21).
16. Dınaeva B.B. Qazaq maqal-mätelderiniñ pragma-kognitivtik aspektisi: monografiya.- Astana: 2013. –161 b.
17. Qarsıbekova Ş. Ş. Qazaq maqal-mätelderiniñ logika-semantikalıq jөne zattıq-taqırıptıq toptastırılıw principteri. QazUW xabarshısı. Filologiya seriyası. –№ 2 (92). –2006.
18. İsaeva J.İ. Dünieniñ paremiologiyalıq beynesi (lingvomädeniettanımdıq aspekti): Filologiya ǵılımdarınıñ kandidatu ǵılımı дәrejesin alw üşin dayındalǵan dissertaciyanıñ avtoreferatı. –Almatı, 2007. –15-b.
19. Djıswpov M., Alıbekova K., Majıtaeva Ş. Specialnaya leksika i poslovici (lingvokonstrastivnie i metodicheskie aspekti). – Taşkent: MERIYUS, 2013. –138 s.
20. Gendepik katınasqa baylanıstı maqal-mäteldepdegi étnolingvistikalıq motıvtep. Til taǵlımı. Almatı, 2003. –478 b.
21. Suleymenova É., Aqberdi M., Qoyşıbaeva G. Vıbor yazıka i korrelyacii yazıkovoy transmıssii: monografiya. –Almatı: Qazaq wıversiteti, 2016. –184 c.
22. The Oxford Dictionary of English proverbs. Oxford University Press 1935. 625 p.
23. Mieder W. Proverbs Are the Best Policy: Folk Wisdom and American Politics. Utah State University Press, Logan, Utah, 2005. 325 p.
24. Mieder W. «Proverbs Speak Louder Than Words»: Folk Wisdom in Art, Culture, Folklore, History, Literature, and Mass Media. 2008. 357 p.
25. Mieder Wolfgang. Antisprichwörter. 1. Vol. Wiesbaden, 1982.
26. Lucas E.C. Proverbs. William B. Eerdmans Publishing Company, Grand Rapids, Michigan. Cambridge, U.K. 2015. 421 p.
27. Mieder W. “Right makes might”. Proverbs and the American Worldview. Indiana University Press, Indiana, USA, Bloomington, IN. 2019. 377 p.
28. Velmezova E. ‘Novie rwsskie poslovici’ i problema smislovoy protivopostavlennosti paremiy (crossing of proverbs).Slavic Almanac. 2006. Vol. 12. N 2. 174 c.
29. Reznikov A. Modern Russian Anti-Proverb. Burlington, Vermont: “Proverbium” in cooperation with the Department of German and Russian; The University of Vermont, 2009. 179 p
30. Süleymenova É. D., Qazaq tili üşin ulttıq korpws kerek pe? <http://rmebrk.libgateway.psu.kz/journals/1109/70431.pdf>. (23.11.21).

Özet

Çalışma sırasında modern yerli ve yabancı paremiolojik çalışmaların bir analizi yapılmış, bu çalışmaların modern bilimsel eğilimleri ve yönleri tespit edilmiştir. 20. yüzyılın sonu ve 21. yüzyılın başında, modern yerli ve yabancı paremioloji üzerine araştırmaların üreme tanımlayıcı ve analitik bir incelemesi yapıldı. Kazak dilbiliminde atasözleri çalışması, üçüncü aşamanın etnolinguistik, karşılaştırmalı dil-kültürel çalışmalar ve cinsiyet dilbilimi alanlarında geliştiği üç aşamaya ayrılmıştır. Atasözleri üzerine yapılan insan merkezli çalışma, onları deyimbilimden ayırdı, onları folklor biliminin ayrı bir dalı haline getirdi ve paremiolojik birimlerin iletişimsel ve pragmatik potansiyeline odaklandı. Makale, modern yerli ve yabancı paremiolojik araştırmaların ana yönlerini analiz etmekte, Kazak dilinin paremiolojisinin gelişimi için yön ve beklentileri açıklığa kavuşturmakta, bu alanda gelecekteki araştırmaların görevlerine odaklanmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Atasözleri, paremiolojik araştırma, etno-dilbilim, karşılaştırmalı ve karşılaştırmalı dil-kültürel çalışma, ana yönler.

(G. OMARBEKOVA. KAZAK ATASÖZLERİ ÇALIŞMASI. GELECEK ARAŞTIRMALAR İÇİN ÖNERİLER)

Аннотация

В ходе работы был проведен анализ современных отечественных и зарубежных паремиологических исследований, выявлены современные научные тенденции и направления этих исследований. Конец XX века и начало XXI века явились репродуктивным описательно-аналитическим обзором исследований по современной отечественной и зарубежной паремиологии. Изучение пословиц в казахском языкознании делится на четыре этапа, в которых третий этап развивается в направлениях этнолингвистики, сравнительно-сопоставительной лингвокультурологии и гендерной лингвистики. Антропоцентрическое исследование пословиц отделило их от фразеологии, превратило в отдельную отрасль фольклорной науки и сосредоточило внимание на коммуникативно-прагматическом потенциале паремических единиц. В статье анализируются основные аспекты современных отечественных и зарубежных паремиологических исследований, уточняются направления и перспективы развития паремиологии казахского языка, акцентируется внимание на задачах будущих исследований в этой области.

Ключевые слова: Пословицы, паремиологические исследования, этнолингвистика, сравнительное, сопоставительное лингвокультурологическое исследование, направления исследований.

(Г. ОМАРБЕКОВА. ИССЛЕДОВАНИЕ КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦ. РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ БУДУЩИХ ИССЛЕДОВАНИЙ)